

ӘОЖ 519

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ
БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРЕТІН ЖАҒДАЙЛАР**

Жеңіс Бақжібек

Zh.bahjibek@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Механика-математика факультетінің 7М05401 –
Математика мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Дюсембина Ж.К.

Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды, әсіресе, ақыл-ой кемістігі бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен-күнге көбеюде. Сол себептен қазіргі уақытта психофизикалық ауытқулары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу күрделі әлеуметтік-педагогикалық мәселе екені сөзсіз.

Түйінді сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар, әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік-тұрмыстық бағдар, ақыл-ойы кемістігі бар балалар.

Бала арманы – мектепке бару, оқушы атану, қызығы мол әлемге ену. Ал мүмкіндігі шектеулі балалар үшін, сол балалардың ата – аналары үшін бұл психологиялық жағынан да, эмоциялық жағынан да ең күрделі, сонымен қоса ауыр кезең болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі жоғарыда аталғандарды ескере отыра, инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл дегеніміз, әр оқушы өз қажеттілігіне орай, тиісті деңгейде білім алу құқығына ие болды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды. «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелері мен білікті мамандар ұсыну»- деп атап көрсеткен. Білім беру саласындағы шешімі толық табылмаған мәселенің бірі-инклюзивті білім беру. [1.356]

Инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасының шеңберінде шешімін табуы қажет. [2.66]

Инклюзивті білім беру ұғымы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивті білім берудің міндеттері:

- Ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуындағы заңды зерттеу;
- Жалпы білім беру және арнайы білім беру жүйелерін зерттеу;
- Ерекше білімді қажет ететін балалардың ерекшеліктерін ескертетін білім беру бағдармаларын құру, жүзеге асыру;
- Жалпы білім беретін мектептердегі түзетушілік жұмыстардың мүмкіндігін анықтау және сәтті жүзеге асуын болжау;
- Инклюзивті білім алу қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- Мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінде балаларды толерантылыққа тәрбиелеу.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір - біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді [3]. Сондықтан «Әрбір бала –бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» дегендей, өз сыныбымда осындай ерекше білім алу қажеттілігі бар баламен жұмыс жасау, менің іс-тәжірибемді қайта қарау, шыңдалу болып табылды.

Инклюзивті оқытуда мына жағдайларды ескеру қажет.

- Сабақтар жиынының мақсатын, міндетін, күтілетін нәтижені нақтылап алу керек.
- Оқыту формаларын, әдіс-тәсілдерін, құралдарын таңдау, жүйеге келтіру, оларды оқушылардың қабілетіне, қызығушылығына, икеміне, біліміне қарай икемдеу.
- Оқушылардың жай-күйін, психологиялық ерекшеліктерін бақылап отыру керек.
- Сабақта оқушылардың тілін, таным қасиеттерін ,тұлғасын қалыптастыруға көңіл бөлу.
- Екі жақты ата-анамен, екі деңгейдегі оқушыларды дұрыс ұйымдастыру керек.

Бір сыныпта әр түрлі деңгейдегі балалар отыр, сондықтан олармен жүргізілетін жұмыстар да әртүрлі. Мысалы, бастауыш мектепте бала математиканы нашар меңгерсе, біз ата-аналармен не талқылай аламыз? Біріншіден, неге ол математиканы нашар меңгеретінін анықтау қажет, себебі: "сіздің балаңыз ауру, сондықтан ол математиканы түсінбейді", бұл түсініктеме де, себеп те емес. Екіншіден, педагог ата-аналар үшін кәсіби білімнің жолсерігі болып табылады. Яғни, мектеп дефектологымен ақылдасып, психолог ата-аналарға әртүрлі нұсқаулар бере алады. Біз ата-аналар тағы қалай көмектесе алады деген сұраққа жауап іздейміз. Өйткені норматипті балалардың ата-аналары кез келген инклюзияның басты қарсыластары. Сондықтан да, бірге оқытудағы денсаулық сақтау технологиялары ұғымына оралсақ, яғни бастауыш мектепте дене шынықтыру минуттары, тек бірінші сыныпта ғана емес, барлық төрт сыныпта орындалуы тиіс. Олар кинезиология деп аталатын, ең танымал әдістемелер-ми гимнастикасының жаттығуларын орындайды. Бұл ерекше балалар үшін белсендіретін түзету әдісі ретінде пайдаланылады, ал қарапайым балалар үшін релаксация әдісі ретінде жасалады. Сабақтың қызықты өткені, балалар үшін маңызды, қазақ тілі мен әдебиет сабағында тақырыпқа сай ойындар өткізу керек, себебі біріншіден балалар білімдерін тиянақтаса, екіншіден бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі, бір-біріне көмектеседі, ойларын қорытындылау үшін, қарым-қатынас жасауға ықпалы зор және танымдық қабілеттері дамиды.

Инклюзивті білім берудегі тиімді жұмыс әдістері:

Сендіру әдісі - ата-аналарды олардың қоғамға қарсы мінез-құлқының салдары туралы сендіруге көмектеседі. Бұл әдісті қолдана отырып, сіз ата-аналардың өздері осы жағдайдан шығудың жолын іздей бастайтынына сенімді бола аласыз.

Бақылау әдісі - отбасындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін көбірек материал жинауға көмектеседі. Әлеуметтік мұғалім баланың қарым-қатынасын, отбасындағы, мектептегі, сабақтағы, құрдастарымен, бос уақытындағы іс-әрекеттерін бақылайды.

Сөйлесу әдісі - бұл ата-аналармен жұмыс жасаудағы ең көп таралған әдістердің бірі, ол сенімді ортада отбасындағы проблемалардың себептерін анықтауға және оларды шешудің жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

М.Монтессори әдістемесі қазіргі кезде баланың танымдық белсенділігін, сенсорлық қабілеттерін қалыптастыруда негізгі тиімді тәсілдер болып есептеледі. Баланың сенсорлық тәрбиесі–бұл заттардың сыртқы қасиеті туралы көзқарастарын қалыптастыру

және қабылдау тәрбиесі, яғни олардың формасы пішіні, түсі, көлемі. Кеңістікте орналасуы, сонымен қатар иіс және дәм сезу т.б. [4.126]

Инклюзивті білімнің артықшылығы

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін артықшылықтар

- Олар сыртқы дүниеден бөлінген, оқшауланған оқытудың қолайсыз әсерінен, сонымен қатар «таңбалаудың» теріс салдарынан және әдетте олармен байланыстың жетіспеушілігі себеп болған теріс қатынастан құтылады.
- Оларға жаңа дағдыларды алуға мүмкіндік беретін немесе еліктеу арқылы өздерінде бұрын бар дағдыларды қашан және қалай қолдануға үйрететін «құзырлы» мінез-құлық үлгісі көрсетіледі.
- Оларға «құзырлы» құрдастарымен бірлесе әрекет етуге мүмкіндік беріледі, осылайша жаңа әлеуметтік және сөйлесімдік дағдыларға үйренеді.
- Оларға қоғамдағы (қауымдастықтағы) өмірге даярлайтын шынайы өмірлік тәжірибе алуға мүмкіндік ұсынылады.
- Оларға әдетте дамып келе жатқан құрдастарымен достық қатым-қатынас орнату мүмкіндігі ұсынылады.

Мүмкіндіктерінде шектеу жоқ балалар мен отбасылар

- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалы отбасылармен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік алады.
- Жеке өзгешеліктер туралы өз балаларын ағартуға және олардан өзгешеленетін адамдарды қабылдай алудың маңызы туралы мүмкіндік ұсынылады.
- Тағы бір маңызды проблеманың бірі- мамандандырылған мектептердің жоқтығы болып отыр. Барлық қажеттілермен жабдықталған инклюзивті типтегі мектептерді құру көзделуде. Бұған арнайы бағдарламаларды құрастыру, мектептерге дефектолог, психолог, логопед мамандарды тарту; сыныптардың аз толығы, техникалық құралдармен жабдыкталуы жатады.

Мысалы, саңырау бала отырған сыныпқа дыбыскүшейткіш аппаратура; тірек-қимыл аппараты бұзылған балаға – пандустар мен лифттер [5].

Қорытындылап айта кететін болсақ, инклюзия тек ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар ғана емес, сонымен қатар, дені сау балаларға да білім беретін дамыған, гуманистік және тиімді білім беру жүйесі деп танылды. Мектеп тек білім беру қызметін ғана емес, сонымен қатар бала өмірінің негізгі саласы болып табылады. Олардың әрқайсысының жеке даралығын, ерекшелігін құрметтеу және оларды үлкен ұжым ортасына қабылдау арқылы олардан тұлға қалыптасады. Сонымен қатар, оқушылар ұжымда жұмыс істеуге, бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасауды, мұғалімнің көмегімен түрлі мәселелерді шығармашылықпен шешуді үйренеді. Инклюзивті білім беру барлық балалардың жеке мүмкіндіктерін кеңейтеді, ізгілік, төзімділік, көмекке дайындық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі деп айтсақ қателеспейміз. Инклюзивті білім беру жаңа жүйе болып табылады, сондықтан мұнда педагогтар мен оқушыларда жалпы ортақ бір мақсат бар, ол – барлығына бірдей қолжетімді және сапалы білім үшін жұмыс істеу.

Қазіргі таңда әр оқушы жеке тұлға, сондықтан саналы тәрбие, сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Инклюзивтік білім беру жағдайында білім беру процесін психологиялық медициналық - педагогикалық тексеру мәліметтеріне сүйене отырып, дифференциялық және жеке тіл табу принциптері негізінде жүзеге асыру қажет. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйрету процесін психологиялық – педагогикалық қолдау үшін психологқа, логопедке, арнаулы педагогқа, әлеуметтік педагогқа арналған кабинеттерді арнайы жабдықтау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәния Бектенғалиева «Қазақстан мектебі» №9, 2015 жыл қыркүйек [1,356]
2. Сәния Бектенғалиева «Қазақстан мектебі» №6, 2015 жыл қыркүйек [2.66]
3. «Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны» бойынша біліктілікті арттыру курсынан алған мәліметтер, 2019 ж қазан
4. Л.А.Саинова «Білімдегі Жаңалықтар» №4, 2016 жыл [4.126]
5. Хухлаева О. В. Мектептегі психологиялық қызмет .– М., 2008.